



БҮГІНГІ САНДА

ҰНЕМДЕЛГЕН ҚАРЖЫ КЕZEK
КҮТТІРМЕITIN SHARALARGA
BAĞYTTALADY

2>>

TUĞYRY BIIK
TÖL TEŃGE

3>>

«QAISARĜA» –
50 JYL

4>>

ҚАРЖЫ ОРТАЛЫҒЫ ЖАҢА ДЕҢГЕЙГЕ ЖОЛ АШАДЫ



Кеше Қазақстан Президенті Нұрсұлтан Назарбаев «Астана» халықаралық қаржы орталығының біржасындағы алғашқы сауда-саттықты бастау рәсіміне қатысты.

Мемлекет басшысы іс-шарада сөйлеген сөзінде «Астана» халықаралық қаржы орталығының біржасындағы алғашқы сауда-саттықты бастау рәсімінің ұлттық маңызы – теңненің 25 жылдық мерейтойы қарсаңында өтуінің символдық мәні зор екенін айтты.

Нұрсұлтан Назарбаев төл тенгеменің енгізуі өз қаржы жүйемізді қалыптастырып, мемлекетіміздің экономикалық дербестігін қамтамасыз етуге мүмкіндік бергенін атап өтті. – Содан бері Қазақстан экономикасы едәуір өсіп, халықтың тұрмыс деңгейі де артты. Аукымды реформалар жүргізіліп жатыр. «Астана» халықаралық қаржы орталығының іске қосылуы – еліміздің одан әрі орнықты дамытудың маңызды қадамы, – деді Елбасы.

Қазақстан Президенті рәсімге қатысушыларға әлемдік уран нарығының 20 пайызға жуығын қамтитын «Қазатомөнеркәсіп» ұлттық компаниясы бүгін IPO-ға алғаш рет шығып отырғанын айтты.

– Келешекте біз «Қазқазтелеком», «Эйр Астана», «Қазмұнайгаз» және өзге де ұлттық компаниялардың активтерін сатылымға шығаруды жоспарлап отырмыз. «Астана» халықаралық қаржы орталығы елімізге шет елдердің капиталын тартудың құралына айналып, қор нарығын дамыудың жаңа деңгейіне шығаруға тиіс. Мұнда әлемнің үздік тәжірибелері жаппай қолданылып, тәжірибелі серіктестер мен сарапшылар тартылған, сондай-ақ оның жұмысына қатысушылар үшін теңдессіз жағдайлар жасалған, – деді Мемлекет басшысы.

Нұрсұлтан Назарбаев келешекте «Астана» халықаралық қаржы орталығы өңірдің басты қаржы хабына айналып, Азияның үздік қаржы орталықтарының қатарына қосылуға тиіс екенін атап өтті.

– Қаржы орталығы қазірдің өзінде елордамызға «қаржы астанасы» деген жаңа мәртебе берді. Жаһандық қаржы орталықтарының рейтингінде бас қаламыз тек соңғы жылдың өзінде 27 сатыға көтерілді. Астана тұрғындар мен елорда қонақтары үшін мейлінше қолайлы жағдай жасалатын «ақылды қала» ретінде одан әрі дами береді, – деді Елбасы.

Сонында Қазақстан Президенті мемлекетіміздің барлық бастамалары халқымыздың әл-ауқаты мен еліміздің жаһандық бәсекеге қабілеттілігін арттыруға бағытталғанын айтты.



БАСТАМА – ХАЛЫҚ ИГІЛІГІ

Кеше Елбасы Қазақстандағы роботталған хирургияның халықаралық референстік және оқыту орталығына барды.

Мемлекет басшысы негізгі міндеті роботталған хирургияны құру, дамыту және оны практикалық медицина саласына енгізу болып саналатын орталықтың жұмысымен танысты.

Нұрсұлтан Назарбаев медицинада инновациялық шешімдерді қолданудың маңыздылығына тоқталып, роботталған хирургия орталығында жасалатын оталардың бүкіл өңір үшін бірегейлігін атап өтті.

– Мұндай үлкен бастама халқымыздың игілігіне бағытталған. Медицина саласын роботтандыру мамандарымыздың біліктілігін арттыруға септігін тигізеді. Осындай орталықтың ашылуы – отандық денсаулық сақтау саласындағы маңызды оқиға. Бұл көптеген адамдардың өмірін сақтап қалуға мүмкіндік береді, – деді Қазақстан Президенті.

Елбасы орталықта ем қабылдаушылармен әңгімелесіп, Президенттің Іс басқармасы Медицина орталығының жалпы жұмысы және оны дамыту перспективалары жөнінде мәлімет алды.

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті қорының қолдауымен құрылған роботталған хирургия орталығы медицина мамандарын даярлап, олардың біліктілігін арттыруды қамтамасыз ететін болады. Сондай-ақ клиникалық сынақтар өткізіп, әлемдік деңгейдегі заманауи роботталған технологияларды қолдана отырып, ғылыми әзірлемелер дайындайды.

Елбасы орталықта ем қабылдаушылармен әңгімелесіп, Президенттің Іс басқармасы Медицина орталығының жалпы жұмысы және оны дамыту перспективалары жөнінде мәлімет алды.

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті қорының қолдауымен құрылған роботталған хирургия орталығы медицина мамандарын даярлап, олардың біліктілігін арттыруды қамтамасыз ететін болады. Сондай-ақ клиникалық сынақтар өткізіп, әлемдік деңгейдегі заманауи роботталған технологияларды қолдана отырып, ғылыми әзірлемелер дайындайды.

Елбасы орталықта ем қабылдаушылармен әңгімелесіп, Президенттің Іс басқармасы Медицина орталығының жалпы жұмысы және оны дамыту перспективалары жөнінде мәлімет алды.

«БАЙҚОҢЫР» КЕШЕНІН ДАМУЫ БАРЫСЫ БАЯҢДАЛДЫ

9 қарашада Петропавл қаласында Қазақстан және Ресей мемлекеттері басшыларының қатысуымен өткен шекаралық аймақтардың ынтымақтастық аясындағы XV форумда «Байқоңыр» кешенін дамытудың перспективалық мәселелері каралды.

Облыс әкімі Қырымбек Көшербаев облыстық мәслихаттың XXIV кезектен тыс сессиясында осы шараға байланысты өткізілген жеке кенесте Қазақстан мен Ресей Президенттеріне ғарыш айлағы мен Байқоңыр қаласының даму барысы туралы баяндалғанын атап көрсетті.

Ғарыш айлағын дамыту, «Бәйтерек» бірлескен ғарыштық жобаны жүзеге асыру туралы ҚР Қорғаныс және аэроғарыш өнеркәсібі министрі Бейбіт Атамқұлов және «Роскосмос» мемлекеттік корпорациясының бас директоры Дмитрий Рогозин баяндады.

Байқоңыр қаласын дамыту туралы облыс әкімі Қ.Көшербаев және Байқоңыр қаласы әкімшілігінің басшысы Константин Бусыгин хабарлама жасаған.

Облыс әкімі атап айтқанда Мемлекет басшысына қаланың өмірлік маңызды қызмет көрсету салаларының жұмысын қамтамасыз ету барысында атқарылған жұмыстарды, бас жоспарға сәйкес қалаға жақын орналасқан Төретам және Ақай елді мекендерінің даму перспективалары туралы мәлімдеді. Өткен жылы газландырудың бірінші кезеңі аяқталып, қазақстандық әлеуметтік нысандардың барлығы табиғи газға қосылды. Өз кезегінде қала әкімшілігі тұрғын үйлерді кезек-кеземен газға қосуда.

Аймақ басшысының хабарлағанындай, желтоқсан айында «Байқоңыр» кешенін газдандыру туралы үкіметаралық келісімге қол қою жоспарланып отыр. Қол қойылғаннан кейін қаланың басқа да тұтынушылары, оның ішінде коммерциялық нысандар газға қосылатын болады. Газдың бағасы облыс аумағындағы бағамен бірдей болады.

Кайта жаңғыртуға жататын сүз және кәріз жүйесі жалға беруден алынып облыстың коммуналдық меншігіне беріледі. Аталған жұмыстардың техникалық-экономикалық негіздемесі 17 млрд теңгені құрайды. Келесі жылы басқа да құжаттар жасалып, 2020 жылдан бастап басқа жүйелер жаңғыртылатын болады.

Кенес одағы тараған уақыттан бастап тұңғыш рет қалада тұрғын үй құрылысы жүргізіле бастады. Үстіміздегі жылдың соңына дейін 250 пәтерге арналған бес тұрғын үйдің құрылысы аяқталады. «7-20-25» бағдарламасы бойынша, оның ішінде коммерциялық бағыттағы үйлер құрылысы жалғасын табады.

инженерлік коммуникацияларды жаңғырту коммуналдық қызметтердің тарифін төмендетуге мүмкіндік береді. Кәсіпкерлік қызметті жүргізуді жеңілдетеді.

«Байқоңыр» кешеніне туристерді тарту бойынша үлкен жұмыстар жүргізілуде. Бірқатар турфирмалар тіркеліп, оларды ғарыш айлағына жіберу тәртібі жеңілдетілуде. Ғарышқа ұшатын жердегі бақылау пункттері жарактандырылуда. Қонақүйлерін халықаралық стандартқа бейімдеп,



Облыс әкімі сондай-ақ облыстық медицина орталығының филиалы ашылуына байланысты медициналық қызмет көрсетудің сапасы жақсарғанын атап көрсетті. Қалада қазақстандық емхана жұмыс істей бастады. 2019 жылы операциялық блоктен 30 төсекке арналған хирургия бөлімін ашу жоспарланып отыр.

Қазақстандық мектептердің барлығы инновациялық интерактивті физика, химия, биология кабинеттерімен және роботтехникасымен жабдықталған. Орыс тілінде оқытылатын балабақшалар мен мектептерді қазақстандық білім беру мен тәрбиелеу стандарттарына көшіруге дайындық жүргізілуде.

Қала экономикасын әртараптандыруға жағдай жасалуда. «Байқоңыр» арнайы экономикалық аймақ құру мәселесі қаралуда. Газдандыру және

1961 жылдың 12 сәуірінде Ю.Гагарин ұшқан жерге қонақүй салу жоспарланды.

«Байқоңыр» туристік аймағының құрылысы Қазақстанның TOP-10 туристік бағдарламасына енгізіліп отыр.

Кенестің қорытындысы бойынша үкіметтерге 2019 жылдан бастап тиісті тапсырмалар берілді. Оның ішінде ҚР бюджетінен Байқоңыр қаласының, Төретам және Ақай елді мекендерінің инфрақұрылымдық және әлеуметтік жобаларына қаржы бөлу, сондай-ақ қаланың тұрғын үй қорының өңірлік маңызды нысандарын ұстап тұруға Ресей федерациясы бюджетінен бөлінетін қаржыны ұлғайту туралы тапсырмалар берілді. Сондай-ақ облыс әкімі «Байқоңыр» арнайы экономикалық аймағын құру бойынша үкіметаралық комиссия шеңберінде бірқатар мәселелер нақтыланып жатқанын хабарлады.

SAPAR

Кеше облыс әкімі Қырымбек Көшербаев жұмыс сапарымен Сырдария және Жалағаш аудандарында болды. Сапар барысында бірқатар әлеуметтік нысан пайдалануға берілді.

Аймақ басшысы, алдымен, Сырдария ауданы Бесарық елді мекенінің тыныс-тіршілігімен танысты. Онда «Жаңадария» каналына салынған жаңа көпір назарға ұсынылды. Жаңа нысанның құрылысына 239,43 млн теңге жұмсалған. Ұзындығы – 60, ені – 13 метр. Бірнеше тонна ауырлықты көтеруге қабілетті көпірмен күделікті жүздеген көлік қатынайды. Облыс әкімі көпір қатынады жұртшылықпен емен-жарқын диалогасын, тіректі елді мекен ретінде Бесарық басқа ауылдарға үлгі болуы тиіс екенін жеткізді.

Назерке САНИЯЗОВА.



АУЫЛ АЖАРЫ – АЗАМАТТАР АБЫРОЙЫ

«Абай-Дәулет» ЖШС ауыл экономикасын дамытуға атсалыса бастағалы мұнда оң өзгерістер анық байқалады. Серіктестік құрған «Бесарық» шаруашылығы тұрғындардың тұрмысын түзеу, ел байлығын еселеуге септігін тигізуде. Быыл аялдама салынды. Орталық алаң, аллея, мешіттің айналасы абағандырылды. Ауыл паспорты ауыстырылды. Инвестордың мектеп, балабақша, мәдениет үйіне жасаған қолдауы да жетерлік.

Ауылдағы №147 орта мектеп оқушылары бүгінде инвестордың демеушілігімен ағылшын тілін үйренуге ден қойды. Білім ошағында жастармен жүздескен облыс басшысы тіл білу заман талабы екенін, оларға ел үлкен сенім артатынын жеткізді. Сонымен бірге, мұнда балалардың дзюдо, бокс, таеквондо сияқты спорт түрлерімен айналысуы үшін үйірмелер жұмыс істеп тұр.

Серіктестік директоры Мұрат Сәр-сенбаевтың айтуынша, шаруашылық аграрлық саланы әртараптандыруға айтарлықтай үлес қосып үлгерді. Оның ішінде биыл 14 гектар жерге картоптың жаңа сортын егіп, түзір өнім жинады. Бесарықта егілген қауын-қарбыз сұранысқа ие. Дикандр енді «Сыр дөңі», «Сыр тұзы» секілді брендтік өнім түрлерін шығаруға кірісті.

Аймақ басшысы одан кейін шаруашылықтың өндірістік базасына ат басын бұрды. Бұл жердегі зауыттардың бірінде жылына 3,3 млн кірпіш шығарылады. Қазіргі уақытта Қызылорда қаласында Сырдарияның сол жағалауындағы үйлерді салуға осы зауыттың өнімі қолданылуда. Ал жем зауыты жем-шөп түрлерімен облысты қамтамасыз етіп отыр. Одан бөлек, өндірістік база жұмысшылары 5 гектар аумақта дәмі түйірерлік алма түрлерін өсіреді.

SESSIA

ҮНЕМДЕЛГЕН ҚАРЖЫ КЕЗЕК КҮТТІРМЕЙТІН ШАРАЛАРҒА БАҒЫТТАЛАДЫ

Сейсенбіде облыстық мәслихаттың кезектен тыс XXIV сессиясы өтіп, онда 2018-2020 жылдарға арналған аймақ бюджеті нақтыланды. Сессияға облыс әкімі Қырымбек Көшербаев қатысты.

6 Айгүр БАТТАЛОВА.

– Бүгін сессияның күн тәртібінің карауына аймақ бюджетін нақтылауды ұсынып отырмыз. Үнемделген қаржыларды Елбасының биылғы қазан айындағы Жолдауында айтылған міндеттерді жүзеге асыруға және өңірдің кезек күттірмейтін басым бағыттағы шығындарына жұмсау көзделуде, – деді облыс әкімі.

Аймақ басшысының айтуынша, «Еңбек» нәтижелі жұмыспен қамту және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017-2021 жылдарға арналған бағдарламасы аясында шағын кәсіпкерлер мен ауылдарда кәсіпкерлікті қолдауға 131,2 млн теңге несие қаржысы қарастырылған. Сонымен қатар, келісілген жоспарға сәйкес, облыстық бюджет есебінен 800 адамды «Бизнес-Бастау» жобасы аясында кәсіпкерлік негізінде оқытуға 36 млн теңге бағытталған. Аталған жоба бойынша 1600 адамды оқыту жоспарланып, оның 800-і республикалық бюджет есебінен оқу курстарын бітірген. Мемлекеттік-жекеменшік әріптестікті дамыту инвестиция тартудың тиімді құралы әрі кәсіпкерлікті дамытуда әлеуеті зор екені белгілі. Қазір өңірде жалпы құны 34 млрд теңгеден асып түрлі салада 75 жоба іске асуда. Осының аясында денсаулық сақтау, білім, спорт саласы бойынша мемлекеттік-жекеменшік әріптестік аясында жобаларды әрі қарай дамытуға 153 млн теңге бағыттау көзделіп отыр. Сондай-ақ, жанадан іске қосылған 13 білім беру нысанының шығындарын өтеуге 178 млн теңге және Қызылорда



каласындағы мектептердің оқушылар контингентінің көбеюіне байланысты 111 жиынтық-сыныптарын қаржыландыруға қосымша 90 млн теңге қарастырылуда.

– Жылдың аяқталуына небәрі бір жарым ай ғана уақыт қалды. Барлығымыздың міндетіміз – жылды оң нәтижемен қорытындылау. Өнеркәсіптің өндіріс көлемінің төмендеуіне қарамастан, жүйелі қабылданған шаралар нәтижесінде 2017 жылдың қорытындысымен Жалпы Өндіріс (ВРП) бойынша оң векторға шықтық. Бұл жеңілі мұнайдың жыл сайынғы және бүгінгі таңда уран өндіру көлемінің төмендеуіне қарамастан, биыл да сақтаймыз деп отырмыз, – деді облыс әкімі.

Бұл бағытта айтарлықтай жұмыстар атқарылды. Мәселен, соңғы үш жылда өңдеуші өнеркәсіпте негізгі капиталға салынған инвестиция көлемі 2 есеге жуық, жұмыспен қамтылғандар саны 55 процентке, еңбек өнімділігі 18 процентке өскен. Жыл

аяғына дейін тампонажды цемент зауыты, балықты тереңінен қайта өңдеу зауыты мен пластикалық қайық жасау цехы, ал 2019 жылғы шыны зауыты мен жылына 1,5 тонна құс

өтіндіретін құс фабрикасы іске қосылды. «Баласауыскандық» кен орнында ванадийдің бес тотығы өндірісі қуаттылығын арттыру, тұзды қайта өңдеу және кальцийленген сода зауытының құрылыс жұмыстары жалғасуда. Аймақтың маңызды саласы ауыл шаруашылығы өнімдерінің жалпы көлемі жыл қорытындысымен 2017 жылға қарағанда өсім 4,5 процентті құрайды деген болжам бар. Ал, атқарылған құрылыс жұмыстарының көлемі 2,2 процентке, пайдалануға берілген тұрғын үйлер көлемі 667,4 мың шаршы метрді құрап, 9 процентке өсуі ықтимал.

Әлеуметтік сала бойынша биыл 10070 жаңа жұмыс орнын құру жоспарланып, 10 айдың өзінде 10605 жұмыс орны құрылып, жоспар 5,3 процентке артығымен орындалған.

Сессияда күн тәртібіндегі мәселелер бойынша тиісті сала басшылары хабарлама жасап, шешімдер қабылданды.

KONFERENTSIYA



ГЕОАҚПАРАТТЫҚ ОНЛАЙН-ҚЫЗМЕТІ – РЕСПУБЛИКАДА ҮЗДІК

6 Гүлмира ДІЛДӨБЕКОВА.

«Нұр Отан» партиясы мыңдаған қазақстандықтарға көмек көрсетіп, Мемлекет басшысының нақты жобалары мен бастамаларын жүзеге асырып келеді. Бүгінде осы мақсатта партияның Орталық аппараты партия қызметін жаңғырту цифрландыруды жүзеге асыру, шағын және орта бизнесті қолдау, сонымен қатар «Рухани жаңғыру» бағдарламасына үлес қосуға бағытталған 20-дан астам әлеуметтік, стратегиялық бастамашы жобаларды қолға алды» деді партияның облыстық филиал

Кәсіпкерлерге онлайн-режимде техникалық шарттарды алуға және коммуналдық қызметтерді қосуға мүмкіндік беретін цифрлық жоба үздік деп танылды. Бұл туралы «Нұр Отан» партиясы облыстық филиалы төрағасының бірінші орынбасары Ибадулла Құттықожаев партияның есеп беру-сайлау конференциясында хабарлады. Облыс әкімі, партияның облыстық филиалы төрағасы Қ.Көшербаевтың жетекшілігімен өткен конференцияда партияның облыстық филиалы Саяси кеңесінің екі жылдық жұмысы қорытындыланып, алдағы жоспарлары нақтыланды.

тында өңірде 13 IT сынып ашылып, 650 бала тегін білім алуға мүмкін болды. Мұнан бөлек, жергілікті бюджет есебінен Қызылорда қалалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығының «IT-IMAQORDA» атты балаларға арналған технопарк ұйымдастырылуда.

«English for jastar» жобасы аясында облыстың 7 ауданында 11 ерікті 350-ден астам ауыл баласына ағылшын тілін тегін үйретуде. Сонымен қатар облыстық партия филиалының «Мектептердегі футбол алаңын жаңғырту», «Мектеп асханалары», «Денсаулық сабақ-



төрағасының бірінші орынбасары Ибадулла Құттықожаев өз сөзінде. Бұл бағытта өңірімізде цифрландыру аясында кәсіпкерлерге қызмет көрсету орталығындағы коммуналдық қызметтерді қосуға, техникалық шарттарды беру бойынша геоақпараттық онлайн қызмет жұмысы республикада үздік деп танылған. Кәсіпкерлерге 40-тан астам қызмет түрін көрсететін бұл жоба республика бойынша үлгілі жоба ретінде Саяси кеңестің кейінгі отырысында Елбасына таныстырылды.

Конференцияда атап өтілгендей, IT-технологияларды қолдану арқылы балалардың білім алуына қолжетімділікті арттыру бағы-

тары жобалары да нәтижесін беруде. Бақылау нәтижесінде облыс мектептеріндегі 682 арнайы спорт алаңының 78-не жөндеу жұмыстары қажет екені анықталып, бүгінде мемлекеттік-жекеменшік әріптестік аясында жаңғырту қолға алынған. «Нұротандықтар» қайырымдылық жасауға да белсене атсалысуда. Биылғы жылдың 10 айында 143 отбасына 4 млн теңгеге жуық қаржылай көмек көрсетілген.

Облыстық филиалдың атқарған жұмыстары туралы партияның бастауыш ұйым мүшелері де баяндалды. Еңбек Ері, «Құрметті теміржолшы», партия ардагері О.Әбішев партияның «Ардагерлерді ардақтайық» жобасы жастарға үлгі екенін және



«Нұротандықтардың» қиналғанға қамқор бола білетінін жеткізді. Мәселен, үйінен өрт шығып, дадала қалған сырдариялық Абдраевтар отбасындағы 7 адамға, Сералинтер мен Қариевтер отбасына көмек көрсетіліп, жаңа баспана табысты. Қармақшы аудандық мәслихатында «Нұр Отан» партиясы фракциясының мүшесі, «Тұрмағамбет» ЖШС директоры Н.Пирмантаев Елбасы Жолдауында айтылған ауыл шаруашылығын ортапарландыру бойынша зерттеулер жүргізіліп, шаруашылық келер жылы 300 гектар соя егуді жоспарлағанын айтты. Сондай-ақ бірқатар бастауыш партия ұйымының жетекшілері пікір білдірді.

Саяси кеңес құрамына облыстық ардагерлер кеңесінің төрағасы Серік Дүйсенбаев, облыстық партия филиалы төрағасының орынбасары Ержан Байтілес, «Байқоңыр» аумақтық партия филиалының төрағасы, облыс әкімінің орынбасары Серік Қожаниязов, аудандық партия филиалының мүшесі, аудан әкімдері Мұрат Ерғешбаев пен Әшім Оразбекұлы, облыстық өзбек этномәдени бірлестігінің төрағасы Кахар Дадашев және «Жас Отан» Жастар қанаты облыстық филиалының атқарушы хатшысы Талғат Тілес қосылды.

Айта кетейік, өңірімізде 48715 партия мүшесі, 272 бастауыш партия ұйымы жұмыс істейді.

ӨЛГЕН МАЛ ИЕСІНЕ ӨТЕМАҚЫ ТӨЛЕНЕДІ

Өлген малға ветеринариялық зертханамен «лептоспироз» ауруына қорытынды берілген жағдайда бюджет есебінен өтемақы төленетіні болады. Бұл туралы облыстық мәслихат сессиясында облыс әкімі Қ.Көшербаев мәлімдеді деп хабарлайды облыс әкімінің баспасөз қызметі.

Естеріңізге сала кетейік, 10 қараша күні Жанакорған ауданы Байкөже ауылдық округінің Шалқия ауылында уақ мал (кой) қырылу дерегі тіркелген. Мал иесі Ахмет Рахимовтың айтуынша, шығын – 116 бақ кой. Алайда, ауру ошағын зерттеу ба-

рысында облыстық комиссия 40 бақ койдан өлгенін нақтылады.

«Аудандық ветеринариялық зертханасына «лептоспироз» ауруына және азықтан улануға күмәнді деп, патологиялық материал өткізілген. Егер диагноз расталса, мал иесіне бюджет-

тен өтемақы төленеді, – деді аймақ басшысы.

Қазір жағдай тұрақты. Мал тұрған қора-жайларға залалсыздандыру жұмыстары жүргізіліп, тиісті ветеринариялық шаралар атқарылып, қатаң бақылауға алынған. Өлген мал өртеліп, арнайы мал қорымында көмілді, мамандар зерттеу жұмыстарын жалғастыруда. Хабарлама түсе салысымен, ауру мал оқшаулансып, емдік шаралар жүргізілген.

АУЫЛ АЖАРЫ – АЗАМАТТАР АБЫРОЙЫ



Осы күні облыс әкімі Қ.Көшербаев аудан орталығындағы қоныс тойына қатысты. Мемлекеттік «Нұрлы жер» бағдарламасы аясында салынған үйлерден 42 отбасыға пәтер кілттері табысталды. Олардың қатарында бюджеттік сала қызметкерлері, баспанасыз апатты жағдайда деп танылған отбасылар, жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар, халықтың әлеуметтік осал топтары және Ұлы Отан соғысының ардагері Яхия Тасыров бар.

– Мемлекет басшысының бастамасымен қабылданған бағдарлама аясында бүгін Сырдария ауданында көпқабатты тұрғын үйдің құрылысы аяқталды. Бұл – баспана кезегінде тұрып, пәтерлі болу бақытына ие болған әрбір отбасы үшін зор қуаныш, – деді аймақ басшысы.

Ең басты мәселенің шешілгені

1-бет.

үшін жаңа қоныс иелері дән риза. Он соңғы 2 жылда мемлекет қаражаты және мердігерлер есебінен 500 мың шаршы метр тұрғын үй салынған.

Аймақ басшысының Жалағашқа жұмыс сапары кезінде Тан ауылында күріш ақтайтын зауыт, М.Шәменов елді мекеніне ауызсу тарататын нысан ашылды.

«Тан» LTD» ЖШС-на тиесілі зауыт тәулігіне 100 тонна күріш ақтай алады. Құны 150 млн теңгені құрайтын жоба өткен жылы іске асырыла бастады. Нәтижесінде 15 адамға тұрақты жұмыс табылып отыр. Серіктестік директоры Имамзала Шағартаевтың айтуынша, зауыттың салынуы жергілікті шаруашылық ескен күрішті алысқа тасымалдауға осы жерде ақтауға мүмкіндік береді. Сонымен бірге, ауыл тұрғындары мал азығын, тұрмысы төмен және мүмкіндігі шектеулі азаматтар күрішті жеңілдетілген бағамен сатып ала алады.



М.Шәменов ауылында салынған ауызсу тарату нысаны жергілікті халықты орталықтандырылған су жүйесімен қамтамасыз етіп, кезекті әлеуметтік түйткілдің түйінін тарқатуға ықпал еткені анық. Нысан құрылысын «Еңбек» ШЖҚ РМК жүргізді.

– Халық денсаулығының мықты болуы, ең алдымен, таза ауызсудың сапасына байланысты. Мемлекет қолдауының арқасында аймақта сумен қамту бойынша кешенді жұмыс жүргізілуде. «100 нақты кадам» Ұлт жоспарында 2020 жылы орталықтандырылған сумен қамтуға қол жеткізу көрсеткіші қалаларда 100 процентті, ал ауылдық жерлерде 2 есеге артып, 80 процентті құрауы тиіс екені көрсетілген. Осы ретте «Ақбұлақ» бағдарламасы аясында кент және 9 елді мекенде ауызсу жүйесі қайта жаңғыртылды, – деді облыс әкімі.



15 QARASHA – ULTTYQ VALIY TAKUNI



Осыдан 25 жыл бұрын 15 қараша күні Қазақстанның ұлттық валютасы қолданысқа еніп, төл теңгеміз айналымға шыққан болатын. Ұлттық ақшамызды енгізу – тәуелсіздігіміздің қалыптасуына, егеменді ел үшін ұлттық нарықтық инфрақұрылым құруға, сондай-ақ өздігімен ақша-несие саясатын, бюджет-салық саясатын, сәйкесінше макроэкономикалық тұрақтандырудың тиімді саясаттарын жүргізу сияқты қажетті де маңызды алғашқы қадамдарын жасауына мүмкіндік берді.

ТҰҒЫРЫ БИІК ТӨЛ ТЕНҒЕ

Ұлттық валютаны енгізудің негізгі артықшылығы – шын мәніндегі егемендікке ие болу еді. Рубль аймағын сақтаудың да, ұлттық валютаны енгізудің де өз артықшылықтары мен кемшіліктері болды. Рубль аймағын қалдырудың негізгі артықшылығы – қалыптасқан экономикалық кеністік пен шаруашылық байланыстардың сақталуы еді.

Естеріңізде болса, 1992 жылдың қаңтарында орын алған баға либерализациясы, сонымен қатар қолма-қол рубльмен қамтамасыз етудегі қиындықтар КСРО құрамында болған бірқатар елдердің (Украина, Беларусь, Қырғызстан, Балтық жағалауы республикалары) өз ұлттық валюталарын немесе уақытша ақша бірліктерін тез арада айналысқа шығаруына ықпал етті. Ал 1993 жылдың шілдесінде Ресейдің өз валютасы – Ресей рублін енгізуі Қазақстан мен Ресей рублі арасындағы байланыстың түпкілікті үзілгендігін тусындірді. Нәтижесінде елімізге көрші республикалардан Ресейде айналыстан шыққан ақша белгілері миллиардтап келе бастады да, бұл өз кезегінде Қазақстандағы инфляция процесстерінің қарқынды түрде өсуіне алып келді.

ҚР Президентінің Жарғысына сәйкес, ақша айырбасын басқаруды жүзеге асыру үшін Ұлттық Банк пен қаржы министрлігінің мамандарынан Ұлттық валютаны енгізу жөніндегі мемлекеттік комиссия құрылды. Қай қиын жағдайдан да жол таба білген Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев 1992 жылы төл валютамызды енгізу туралы тапсырма берген болатын. Ол кезде елімізде ақшаны бастыратын фабрика болған жоқ. Төл теңгеміз Ұлыбританиядағы «Харрисон және оның ұлдары» деп аталатын 400 жылдан астам тарихы бар банкот фабрикасында басылып шықты. 1993 жылдың мамыр айында теңге елімізге жеткізілді. Жоспарланған іс-шара өте қысқа мерзімде сәтті жүзеге асты.

Сөйтіп, 1993 жылы қарашаның 15-і күні Ұлттық валюта қаржы нарығында айналымға енді. Елбасының Жарлығымен 1997 жылдан бері 15 қараша – төл валютамыздың туған күні әрі қаржыгерлер күні болып белгіленді. 1995 жылдан бері теңге Алматыдағы Банкот фабрикасында басылып шығады. Ал темір ақшалар Өскемендегі Монета сарайында соғылады. Ұлттық валютамызды енгізу тарихындағы болған басты оқиғаларға тоқталсақ, ол – экономиканы несиедеудің Ұлттық

Банктен екінші деңгейдегі банктерге көшуі, мемлекеттік бағалы қағаздар нарығының құрылуы, Қазақстанның өз Банкноттық фабрикасының ашылуымен айқындалды. Сонымен қатар еліміздің төлем жүйесінің халықаралық қаржы ұйымдарының, дамыған елдердің төлем жүйелеріне қойылатын барлық талаптарына сай болуын, қор біржасының жандануын, жеке тұлғалар салымдарын сақтандыру жүйесінің енгізілуін, ипотекалық несиедеудің және ипотекалық несиегерлерге кепілдік беру қоры жүйесінің өз күшіне енуін қамтамасыз етті. Қадағалау және реттеу жұмыстары қатаң бақылауға алынды.

Тәуелсіздік тынысы, ұлт байлығының белгісі, теңгеміздің тарихы – егемендік ұстанымдарын биікке көтеретін жол. Қалай десек те, тәуелсіз еліміздегі бейбіт тіршілігіміздің дөңгелегі төл теңгемізбен айналады. Алдағы уақытта төл Теңгеміз қаржы нарығында құнысқанбай, әлемдік экономикада қарыштай берсін.

Асет МУСТАФИН, ҚР Ұлттық Банкі Қызылорда филиалының директоры.

МЕРЕКЕ КҮННІҢ МЕРЕЙІ



Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Қызылорда филиалы Ұлттық валюта – Теңгенің 25 жылдығына арналған салтанатты іс-шара өткізді. Салтанатты іс-шарада облыс әкімінің орынбасары Қуанышбек Ысқақов, «Нұр Отан» партиясы облыстық филиалы төрағасының бірінші орынбасары Ибадулла Құттықожаяв құттықтау сөз сөйлеп, қызметкерлерді марапаттады.

Облыс әкімінің «Құрмет грамотасымен» ҚР Ұлттық Банкі Қызылорда филиалының директоры Асет Мұстафин, ҚР Ұлттық Банкі Қызылорда филиалының бұрынғы басшысы, еңбек ардагері Ниязбек Маханжанов, «БанкЦентрКредит» АҚ филиалының директоры Қанат Мажитов, «ForteBank» АҚ филиалының директоры

Еркінбек Мұсабаев және ҚР Ұлттық Банкі Қызылорда филиалының қызметкерлері З.Абенова және Р.Қутыбаева төл теңгенің ширекжасылық мерекесіне орай құрметке ие болды. Сонымен қатар, облыс әкімінің және «Нұр Отан» партиясы облыстық филиалының «Алғыс хатымен» ҚР Ұлттық Банкі Қызылорда филиалының бірқатар

зейнеткерлері мен қызметкерлері, екінші деңгейдегі банк филиалдарының басшылары марапатталды.

Салтанатты іс-шарада ҚР Ұлттық Банкі Қызылорда филиалының директоры А.Мұстафин Теңгенің 25 жылдығына арнап құттықтау сөз сөйлеп, екінші деңгейдегі банктер мен «Қазпошта» АҚ филиалының қызметкерлеріне филиал директорының «Алғыс хатын» тапсырды. «ҚР Ұлттық Банкінің еңбек сіңірген қызметкері» төсбелгісі экономикалық тағдау және статистика бөлімінің бастығы Ақмарал Алибековаға берілді. Салтанатты іс-шара мерейтойлық концерттік бағдарламамен жалғасты.

ТӘН СЕРГІТКЕН СПОРТТЫҚ САЙЫСТАР

Қазақстан Республикасының Ұлттық валютасы – Теңгенің 25 жылдығын мерекелеу қарсаңында Ұлттық Банктің Қызылорда филиалы Қызылорда облысындағы екінші деңгейдегі банк филиалдары, сонымен қатар «БЖЗК» АҚ мен «Қазпочта» АҚ командалары арасында волейбол және шағын футбол ойындарынан «Мұз айдыны» және «Еуразия» спорт кешендерінде спартакиада ұйымдастырылды.



Волейбол қорытындысы бойынша бірінші орынды Ұлттық Банкі Қызылорда филиалының, екінші орынды «Еуразиялық банк» және үшінші орынды «АТФБанк» командалары алды.

Шағын футбол қорытындысы бойынша бірінші орынға Ұлттық Банкі Қызылорда филиалының, екінші орынға «Қазпочта», үшінші орынға «Еуразиялық банк» командалары орналасты.

Сонымен қатар, спартакиаданың қорытындысы бойынша үздік ойыншылар бағалы сыйлықтармен және алғыс хаттар, түрлі номинациялармен марапатталды. Во-

лейбол бойынша «Үздік ойыншы» болып «Еуразиялық банк» командасының ойыншысы Балғын Нем, «Үздік шабуылшы» «АТФБанк» командасының ойыншысы Мурат Муратов атанды.

Шағын футбол бойынша «Үздік қорғаушы» атағы «Қазпочта» командасының ойыншысы Арнур Менлақова, «Үздік шабуылшы» атағы «ForteBank» командасының ойыншысы Максұт Мақатаева, «Үздік қақпашы» атағы «Еуразиялық банк» командасының ойыншысы Фараби Мұхтарұлына берілді.

Спартакиаданың «Ең үздік ойыншысы» номинациясына Ұлттық Банкі Қызылорда филиалының ойыншысы Дінислам Асылбекұлы ие болды. Сонымен қатар, «Жеңіске деген құштарлығы үшін» «БЖЗК» командасы және «Ең үздік жанкүйерлер» – «Хоум Кредит Банк» командасы алғыс хаттармен марапатталды.

Жарыс спорттық іс-шараның жеңімпаздары мен қатысушыларын марапаттау рәсімімен аяқталды.

Бетті дайындаған Гүлжазира ЖАЛҒАСОВА.

ШИРЕК ҒАСЫР БҰРЫН: АҚША РЕФОРМАСЫ ҚАЛАЙ ЖҮЗЕГЕ АСТЫ?

Ақша реформасы қай кезеңде болмасын, елдің экономикалық және саяси ахуалына байланысты болып отырды. Өткен тарихи кезеңдерді еске алатын болсақ, 1922-1924 жылдардағы ақша реформасы жана экономикалық саясат, нарық экономикасының қалыптасуына бағытталды.



Сонау 1947 жылғы ақша реформасы екінші дүниежүзілік соғыстың ақша айналымына келтірілген зардабын жойып, сауда қарточкалық жүйеден еркін жүйеге ауыстырылды. 1961 жылғы ақша реформасы кезінде айналымға жана ақша белгілері шығарылды. Бұл негізінен еліміздің шаруашылықтарында ақша массасының көбейіп, есептеу механизмі деңгейінің төменгі дәрежеде болуы, есептеу-экономикалық жұмыстарын, оның ішінде банк аппаратының жұмыстарын қиындатты. 1960 жылдары макроэкономикалық көрсеткіштердің айтарлықтай өсуіне байланысты ақша айналымы 1955 жылмен салыстырғанда 1,5-2 есе өсті. Осыған байланысты баға есебіне өзгерістер енгізіліп (екеі үлгідегі 10 рубль жана үлгідегі 1 рубльге бағаланды), рубльдің алтындық ұстанымы жоғарыланды. Бұл экономика мен ақша айналымы және рубльдің әрі қарай нығаюына жол ашты.

Ал 1993 жылғы 15-қарашада жүргізілген ақша реформасы жай ғана ақша айырбасы емес, бұл еліміздің тәуелсіздігі алғаннан кейінгі өзіндік ұлттық валютамыз – төл теңгеміздің айналымға енгізуі болды.

Ұлттық валютамыз – Теңгені айналымға енгізу – Қазақстан Республикасы экономикалық тәуелсіздігінің айқын көрінісі болып табылды және бұл тығырықтан шығудың жалғыз жолы болды. Өйткені 90-шы жылдардың басы біздің еліміз үшін барынша қиын кезең болды. Өндірістің кең ауқымды құлдырауы, экономикалық байланыстың үзілуі бұрынғы одақтас республикалар арасындағы ақша-кредиттік қатынастардың тоқтау шегіне жеткізді, тауар (айналымдары) тасымалдары қысқарды, халықты азық-түлікпен қамтамасыз ету қарточкалық жүйеге көшірілді, мекемелер арасындағы есеп бәртерлік әдіспен, (яғни, затпен) жүргізілді, өндірістерде өнім өндіру тоқтады.

Осы кезеңнен бастап облыста ақша айналымы құлдырап, бюджеттік дефицит артып, бағаның өсуі мен ақша эмиссиясы тез көтерілді. Нақты ақшаға қажеттілік өсті, өзіндік ресурстар есебінен қамтамасыз ету мүмкін болмады, тек қана орталықтан әкелінген ақша есебінен жабылып отырды.

Ал ол кезде ақша шығарылатын Ресейдің банкнот фабрикасы Қазақстанда нақты ақшамен қамтамасыз етпеді. Нақты ақшаның жетіспеушілігінен жұмысшылардың жалақысы, зейнеткерлердің зейнетақысы бірнеше айға кешіктірілді. Бұл жағдайлар банк жұмысына айтарлықтай қиындықтар туғызды. Сондай-ақ 1991-1993 жылдары ТМД елдерінде ақша-қаржы жүйесі айтарлықтай тербеліске ұшырады. 1992 жылдың қаңтарынан бастап бағаның ерікпенуі бұл мәселені шешу қажеттігін тездетті.

Кейбір ТМД елдері (Украина, Беларусь, Қырғызстан, Балтық жағалауы елдері) өздерінің ұлттық валюталарын енгізді. Бұл елдерге қарағанда Қазақстанның айырмашылығы қалыптасып келген экономикалық және шаруашылық байланыстарды жоғалтуға үшін рубль аймағын сақтап қалуы көзделді. Дегенмен, Республика Президентінің одақ құрып, рубль аймағын сақтап қалу туралы ұсынысын Ресей үкіметі мен Ресей орталық банкі қабылдамады.

Ресей Үкіметі өз елінің ақшасын айналымға кесті. Осыдан кейін ТМД елдеріндегі ескі ақшалар Қазақстанға құйылып, инфляция күшейіп, ақша-кредит саясатын басқару жоғалып, экономиканың одан әрі құлдырау қаупі төнді. Жағдайдың бұлай қалыптасуы

республикада өзіміздің валютамыз – теңгені енгізуді міндеттеді.

Сонымен 1993 жылдың 14-қараша күні сол кездегі облыстық Ұлттық банкі бастығы ретінде мен түнімен жұмыс орнымда отыруды талап еткен желехат алдым. 15-қараша күні таң алдында облыстағы қауіпсіздік комитетінің қызметкерлері хат әкеліп берді. Онда Қазақстан Республикасы Президентінің 15-қараша таңғы сағат 9-дан бастап Ұлттық валютамыз – Теңгені енгізу жайлы Жарлығы және Ұлттық Банктің ақша айырбастау жайлы ережесі болатын.

Міне, теңгеміздің облыста өмірге енуі осылай басталды. Бұл өте қиын да қауыртыр кезең болды. Бюджеттік мекемелер мен банктер әкелген ақшаны санауда қасқа қызметкерлері күні-түні жұмыс жасады. Басқа да қызметкерлерден кезекшілік құрылды. Айырбастау барлық есеп айырысу-қасалық орталықтарында, банктерде жүргізілді, сондай-ақ кассирлер инкассаторлардың күзетуімен кейбір айырбастау пункттеріне барып жұмыс жасады. Банктің ішінде күніне 4-5 сағат көз ілдіріп, жұмыстарын қайта бастап отырды. Өзбір кассирдің, инкассатордың, есепшінің жұмысы бірнеше есеге көбейді. Ақшаны тасымалдау кезінде жолда кедергілерге ұшырамау үшін мемлекеттік қауіпсіздік комитеті мен облыстық ішкі істер басқармасының қызметкерлері аянбай көмек көрсетті.

Ұлттық валютамызды енгізгеннен кейін ТМД елдерімен жұмыс жасау үшін ең алғаш 1993 жылдың 3-желтоқсанында облыстық банк ғимаратында валюта айырбастау пунктін ашып, АҚШ доллары мен орыс рублін сату жұмыстары атқарылды. Ең алғаш АҚШ-тың 1 доллары 4 теңге 65 тиын болып белгіленді.

Қазіргі таңда Ұлттық Банкі өзінің негізгі міндеттері болып саналатын – Ұлттық валютаны тұрақтандыру, инфляция қарқынын бәсеңдету және бағаны тұрақтандырумен айналысып келеді.

Алғашқы ақшамыз Ұлыбританияда басылып шыққан болса, қазіргі кезде Қазақстан Республикасында Банкнот фабрикасы және Теңге сарайы сияқты ақша белгілерін шығаратын меншікті өндіріс орындары бар.

Өткен қиын-қыстау кезеңде ұлттық валютамыз – теңгені өмірге әкелуге аянбай атсалысқан банк қызметкерлерін, ішкі істер және Ұлттық қауіпсіздік комитеті қызметкерлерін және қазіргі ел экономикасын дамытуға атсалысып жатқан Ұлттық Банкі қызметкерлерін Ұлттық валютамыз – Теңгенің 25 жылдық мерекесімен құттықтаймын.

Ниязбек МАХАНЖАНОВ, ҚР Ұлттық Банкі Қызылорда филиалының бұрынғы басшысы, еңбек ардагері.

АЯНА – МОНЕТА БЕЙНЕЛЕУДІҢ ҮЗДІГІ

Теңгенің 25 жылдығына орай Қазақстан Ұлттық Банкі 2018 жылдың 1 қыркүйегінен бастап «Теңге балалардың көзімен» атты тақырыпта Қазақстан балалары арасында байқау жариялаған еді.



Байқаудың негізгі мақсаты – дарынды балаларды анықтау және ынталандыру, жас суретшілерге өздерінің шығармашылық әлеуетін ашуға және Ұлттық валюта – Теңгені өздерінше көрсетуге мүмкіндік беру болатын. Байқау еліміздің барлық өңірлерінен келіп түскен 700-ден астам жұмыстың өзіндік стилі, орындау техникасы бар. Қатысушы балалар нумизматика, бонистика, ақша тарихы туралы білімдерін толықтырды. Халықаралық сарапшылар әлемдегі ең әдемі және қорғалған валютаның бірі ретінде таныған Қазақстан Ұлттық валютасының ерекшеліктерін білді. Кон-

курстық комиссия құрамында банкнот және монета дизайны бойынша сарапшылар, Суретшілер одағы мен балалар баспаларының өкілдері бар. Олар «Ең үздік бейнеленген банкнот» және «Ең үздік бейнеленген монета» номинациялары бойынша 12 жұмысты тандап алды.

Мереке қарсаңында Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіде «Теңге балалардың көзімен» атты банкноттар мен монеталардың ең үздік бейнесіне арналған балалар суреті байқауының жеңімпаздарын марапаттау рәсімі өтті. Үздіктер қатарында 11-14 жас аралығындағы санат бойынша «Ең үздік бейнеленген монета» номинациясындағы бірінші орынды жеңіп алған жерлесіміз Аяна Марат бар. Жас талапты жеңісімен құттықтаймыз!



«ҚАЙСАРҒА» – 50 ЖЫЛ

Қызылорданың «Қайсар» футбол клубы өзінің 50 жылдық тойын атап өтті. Салтанатты шараға облыс әкімі Қырымбек Қошербаев қатысты. Мерейтой қарсаңында «Ақтөбені» ұтып, маусымды жеңіспен аяқтаған «қайсарлықтар» турнир қорытындысы бойынша 5-ші орынға не болып, өз жанкүйерлерін қуантқан болатын.

Ержан ҚОЖАСОВ



Мерейтойға орай ұйымдастырылған шараға жанкүйерлер, ойыншылар мен команда ардагерлері, соның ішінде 20 жыл бұрын КР Кубогын жеңіп алған «Қайсар» құрамы қатысты. «Қайсар» жанкүйерлер алдында белегіне не және қандай да жағдайларға қарамастан, әрдайым өз абырой биігінде қалады. Клубтың бойтұмары ретінде қайсарлық, еркіндік пен тәуелсіздікке ұмтылу символы – қасқырдың таңдалуы бекер емес. Қазіргі таңда жергілікті кадрларды тәрбиелеу бойынша жұмыстар жүргізілуде. «Қайсар» футбол орталығында 400-ден астам жасөспірім жаттығады, біз оларды «Қайсар» мен Қазақстан ұлттық құрамасының сапында көреміз деп үміттенеміз, – деді облыс басшысы. Аймақ басшысы сондай-ақ, «қайсарлықтарға» келесі жылы медаль алып, Еурокубокта өнер көрсетугін тіледі. Сонымен бірге «қайсарлықтарды» облыстық дене шынықтыру және спорт басқарма- сының басшысы Олжас Әкімов, клуб жанкүйерлері мен әріптестері құттықтады.

Суреттерді түсірген Бағдат ЕСЖАНОВ.

ЕҢБЕКТИҢ ДАҢҚЫ

ЕЛ ЕСІНДЕГІ ЕСІМ

Біздің оқушы кезімізде мектепте еңбектің мәні, еңбек озаттары туралы ұлағатты әңгімелер айтылды. Олармен кездесулер өтетін. Аудандық газет бетінде әр ауылдағы мал мен егін шаруашылығында еңбек етіп, ерекше үлгі көрсеткен азаматтар туралы көлемді мақалалар жарияланып тұрушы еді. Содан-ақ аудандағы еңбек қайталанмандарының атын, кәсібін жатқа білуші едік. Марқалпаш ауданы Көмекбаев ауылынан шыққан шопан Әділбек Хайруллаев, Тұрмағанбет ауылындағы егінші Әбен Тоғызбаев, Ақтөбе ауылынан механиктер Төлеу Османов, Майлыөзектен дикан Шегебай Шаймерденовтерді мақтаншы көріп, есімдерін жаттап өстік. Өзіміз де іштей еңбекке тәрбиелендік.



Еңбегі бағаланбай қалған жоқ. Ә.Тоғызбаев 25 жыл үздіксіз егіс бригадасының бригадирі болды. Осы аралықта бірнеше рет аудан және облыстың «Озат бригадирі» атағын жеңіп алды. Республикалық облыстық аудандық дәрежедегі Құрмет грамоталарымен марапатталды. Бірнеше рет халық сеніміне ие болып, «Аудандық кеңестің депутаты», аудандық партия комитетінің Бюро мүшесі атанды. «Озат егіс бригадирі» Ә.Тоғызбаевқа 1976 жылы «Урал» мотоциклі, 1991 жылы «Москвич» маркалы жеңіл машина сыйға берілді. Бұл еңбек адамына көрсетілген лайықты құрмет, азаматтың мерейін осіретін мәртебелі іс еді. Туған жерге маңдай терін төгіп, күріштен тау тұрғызған Әбен Тоғызбаев 1994 жылы, абырой биігінен көріне жүріп «Облыстық дәрежедегі дербес зейнеткерлікке» шықты. Әбенекен ауылдың ақыл айтыған ақсақалына айналды. Үлкенің сөзіне тұрды, алдығына, әр істің байыбын бағамдап, толғамды түйін түйетінін түсінді. Ә.Тоғызбаевқа ауыл шаруашылығы саласында лауымына қосқан зор үлесі үшін 2008 жылы комиссия шешімімен «Қармақшы ауданының құрметті азаматы» атағы берілді. Сөйтіп, азаматтың ел бағалады, абыройға бөледі.

1966 жылы 23 шілде күні сол кездегі ең жоғары наградасы – «Ленин» орденімен марапатталды. Басшылық 1969 жылы жас жігітке зор сенім артты. Егіс бригадирі болып тағайындалды. Бұрын облыста Ыбырай Жақаевтан тәлім алса, жерлесі, атақты дикан Шегебай Шаймерденовтен көп нәрсені үйренген. Енді сол жинаған тәжірибені қарамағындағы дикандарға көрсету керек болды. Бұл да оңай шаруа емес. Бұрын тек өз күрішіне жауап берсе, енді барлығы үшін жауапкершілік жүгін мойнына алуға тура келді. Әбенекен күріш алақпартарын ерекше күтімге алумен қатар, бригаданың әрбір адамның жеке тіршілігіне де қатты мән берді. Оларға бақшалық жер дайындауға, отын-шөптерін уақытылы түсіруге көмек беріп отырды. Сондай қамқорлықтың сезінген бригада мүшелерінің көңілі жай, жұмысқа деген құлшыныстары ерекше болды. Ол өз нәтижесін берді де.

Жылма-жыл бригаданың алған өнімі молайып, табысы биігінен көрінді. Соның нәтижесінде 1974 жылы Бүкілодақтық ауыл шаруашылығы жетістіктер көрмесі бас комитетінің бекітуімен Ә.Тоғызбаев басқарған №1 егіс бригадасы түгелдей «Бүкілодақтық көрмеге» қатысты. Бұл төгілген маңдай тер мен еңбекті сүюдің озық үлгісін көрсетумен қатар, бригада мүшелерінің бір үйдің адамдындай топтасқан ауыз-бірілігін, арқасында келген жеңіс еді. «Ерлікті жасағаннан, оны бағаламаған қауіпті» деген екен Бауыржан ағамыз.

Дастан МЫРЗАБЕКҰЛЫ. Қармақшы ауданы.

Кейіннен жұмыс барысында елге танылған Әбен Тоғызбаевтың ұлы Қайрат Тоғызбаевпен бірге жұмыс жасауға тура келді. Қызметі үлкен болса да, жасының кішілігін байқатып, үнемі «аға» деп ақжарқын аман-дасып жүретін. Бұл да оның талбесігінен тәрбие көрген жігіт екендігін байқататын. Өткенде Қайратпен бір жерде жолымыз түсіп, кездесіп қалдық. Ол маған әкесі жайлы жазылған кітапты сыйлады. Кітапты парактай бастадым. Көптеген мағлұмат мәлім болды, ойландырды. Содан соң қолыма қалам алып, бала кезден білетін еңбек адамы туралы ойларымды түсіруге бекіндім.

Әбен Тоғызбаев 1938 жылы туған. Менің әкем Мырзабекпен құрдас болып шықты. Осы жылдар туралы ойласам, қанша қазақтың қаны тоғилген репрессия кезеңі еске түседі. Тәңір де бір жағынан қазақтың ардыстарын алып жатса, екінші жағынан елдің көшін жағлау үшін ұрпақтарын да дүниеге алып келген екен. Сол ұрпақтар қиын кезеңді бастан кешіріп, соғыстың ашы дәмін татып, өмір қалыбында құрыштай шынығып өсіпті. Әбенекен де жастайынан мазақ теріп, шөп жинап, бақша егіп, ауыл баласына тән еңбектің дәмін татып өседі. 1947 жылы мектеп табалдырғын аттап, еңбек пен білімді ұштастыра жүріп 1957 жылы орта мектепті бітірді. Одан соң ауылшаруашылық техникумына оқуға түседі. Отбасы жағдайына байланысты түсіп тұрған оқуын жалғастырмайды. Әке-шешеге қарайтын үйдің үлкені өзі еді. Бауырлары болса, жас. Әбенекен қартайған атанасы мен жас бауырларын қиындыққа тастағысы келмеді. Ауылға оралып, құрылысшы болып еңбек етті. Көп ұзамай-ақ, құрылысшылар бригадасының бригадирі қызметін атқарды. Ата-анасын арулап қойып, бауырларын қамқорлығында баулыды. Оларды оқытып, өзінің

қолы жетпеген дипломы маман етіп шығарады. «Мен оқуға түсе тұрып, әрі қарай жалғамасам да, диним мен қарындасымды оқытып, диплом алуына мүмкіндік жасадым. Мақсатым солар арқылы орындалалы» деген сөзінен оның отбасына деген алаңдығы мен бауырларына үлкен жүрегінің жылжып сенінуге болады.

Сол жылдары кеңес елінде дикандар алдына астық молшылығын жасау жөнінде үлкен міндет қойылды. Сыр күрішінің атасы Ыбырай Жақаев жастарға арнап «Үндеу» жазды. Бұған көптеген ел жастары қосылды. Солардың бірі – Әбен Тоғызбаев. Ел мүддесін өмірлік мақсатымен ұштастыратын жас талап қолына кеткенін алып, Сыр күрішін күтіп-бантауға бел-сенісіміз кірді. Барлық іс адамның ықылас-пейіліне қарай болатыны белгілі. Өзіне бекітілген 25 гектар күрішті жас балаша күтіп, ала жаздай тыным көрмеді. Жер-Ана да жомарттық танытты. Әр гектардан 68 центнерден өнім алынды. Бұл сол кездегі үздік көрсеткіш еді. Ел қуанды, азаматтың мерейі өсті.

ХАБАРЛАМА

«ПетроҚазақстан Құмкөл Ресорсиз» АҚ 2007 жылғы 9 қантардағы №212-III Қазақстан Республикасының Экология кодексінің 57-бабының талаптарына сәйкес (17-21) «Батыс Түзкөл кенішінде су айдалау жүйесі. ТҚ-1 БИСС станциясынан СТЬ-6 бекетіне дейін 8» айдалау коллекторын тарту; СТЬ-6 алаңы; СТЬ-6 бекетінен №42, 123, 332 және №334 ұңғымаларға дейін 3» айдалау желісін тарту жұмысы жобасы жөніндегі құжаттама- ның мемлекеттік экологиялық сараптамаға жолданғандығы жайлы хабарлайды.

Барлық мүдделі азаматтар мен қоғамдық бірлестіктерге мемлекеттік сараптамадан өткізу кезеңінде өздерінің ой-пікірлерін білдіру мүмкіндігі берілді.

Анықтама алу телефоны: (7242) 29-91-92.



ЖАРАМСЫЗ ДЕП ЕСЕПТЕЛСІН

Ысқаков Бекнұр Ақылбекұлының атына Қызылорда облысы, Қызылорда қаласы, «Мелинатор» бау-бақша серіктестігі, д. 402 учаскесіне берілген жер учаскесіне жеке меншік құқығын беретін актісінің (кадастрлық №10-156-083-535, №0228608 15.04.2014 ж.) түпнұсқасы жоғалуына байланысты жарамсыз деп есептелсін.

БАҚҰЛ БОЛ, АРДАҚТЫ АҒА

Денсаулық саласына еңбегін сіңген ардагер дәрігер, Арал ауданының құрметті азаматы Сатыбалды Избайұлы Ильясов осы жылдың 13 қарашасында 71 жасқа қараған шағында өмірден озды.

Сатыбалды Избайұлы 1948 жылдың 1 шілдесінде Арал ауданы, Бөген елді мекенінде өмірге келген. Орта мектепті бітіріп, 1965-1966 жылдары Бөген балық комбинатында жұмыс істеген. 1973 жылы Семей мемлекеттік медицина институтының «Емдеу ісі» факультетін бітіріп, 1974 жылы облыстық денсаулық сақтау басқармасының жолдамасымен Арал аудандық ауруханасына хирург болып орналасқан. 1991 жылдан бастап Арал аудандық жедел жәрдем станциясының бас дәрігері, 2002 жылдан құрметті зейнет демалысына шыққанша Арал-Қазалы лпродиспансерінің меңгерушісі қызметін абыройлы атқарды. Әрі қарай да қол үзбей осы салада өмірден озғанша еңбек етті.

Сатыбалды Избайұлының денсаулық саласында атқарған еңбегі бағаланып, «Денсаулық сақтау саласының үздігі» төсбелгісімен, бірнеше құрмет грамоталарымен және Алғыс хаттармен марапатталған.

Ардақты ағамыз Сатыбалды Избайұлының өнегелі өмір жолы мен жарқын бейнесі әріптестерінің жүрегінде ұзақ уақыт сақталады.

Бақұл бол, ардақты аға, ауылы әріптестері.

«Қазақ республикалық депрозорий» МК әкімшілігі және ұжымы.



ПЕЙШТЕ НҰРЫҢ ШАЛҚЫСЫН

Әулетіміздің абыз ақсақалы, отбасымыздың тірегі, ардақты әкеміз Жадырсын Құзенов 86 жасқа қараған шағында осы жылдың 9 қарашасында фанден озды.

Әкеміз 1933 жылы Жалағаш ауданының «Тан» ауылында өмірге келген. 1954 жылы Н.В.Гоголь атындағы пединституттың «Жаратылыстану» факультетін, 1982 жылы совхоз техникумды «Зоотехник» мамандығы бойынша бітірген. Оқу министрлігінің жолдамасымен 1954-1955 жылдары Жамбыл облысындағы орта мектепке мұғалім болып орналасып, еңбек жолын бастады. 1958-1986 жылдары туған жері «Тан» ауылындағы жетікжылдық мектепте мұғалім, Жалағаш ауданындағы №34 орта мектепте мұғалім, директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары, «Тан» ауылындағы партия комитетінің хатшысы, аудандық партия комитетінде нұсқаушы, Жалағаш аудандық ауыл шаруашылығы қызметкерлері кәсіподағының төрағасы, №118 «Тан» орта мектебінде мұғалім, директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары қызметтерін абыройлы атқарып, құрметті зейнет демалысына шықты. Ардақты әкеміздің еңбегі бағаланып, мерекелі орден-медальдармен және бірнеше Құрмет грамоталарымен марапатталды.

Еңбек жолындағы ең жоғары баға – халықтың құрметіне, елдің ыстық ықыласына, ағайын-туыстың алғысына бөленді. Әкеміз алтын құрақты ағамыз Рәсүлмен бір шаңырақ астында мағналы ғұмыр кешті. Дүниеге он екі бала әкеліп, текті тәрбиесін беріп, бәрінің жоғары оқу орнында оқытып, ұлы ұяға, қызын кыяға қондырып, немере-шөбере сүйді.

Бақұл бол, ардақты әке. Иманыңыз жолдас болып, пейіште нұрыңыз шалқысын.

Құзеновтер әулеті.



Меншік иесі **СЫРМедиа** жауапкершілігі шектеулі серіктестігі. БАС ДИРЕКТОР Аманжол ОҢҒАРБАЕВ. БАС РЕДАКТОР Қуат ШАРАБИДИНОВ.

Бас редактордың орынбасары – 70-00-43. Бөлімдер: руханият және ақпарат – 70-00-64, 70-00-41, 70-00-68. Газет аптасына 3 рет (сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері) шығады.

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркелген.

Қызылорда облыстық «Сыр бойы» газеті КР СТ ИСО 9001-2009 «Сапа менеджменті жүйесі» талаптарына сәйкес сертификатталған.

Газет редакцияның компьютер орталығында қатталып, «Сыр медиа» ЖШС өз баспаханасында басылды. Тел.: 8/7242/ 40-06-68.